

Оңтүстік Қазақстан облысының ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесі туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 27 маусымдағы № 13/154-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 шілдеде № 4155 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 23 қазандағы № 15/192-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 23.10.2017 № 15/192-VI шешімімен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының мынадай жүйесі айқындалсын:

1) ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне 1 000 000 (бір миллион) теңге көлемінде әлеуметтік көмек белгіленсін;

2) мамандарға әлеуметтік көмек (бұдан әрі - әлеуметтік көмек) ауылдық жерге кемінде бес жылға жіберілетіндерге жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылатын, әлеуметтік кепілдік ретіндегі біржолғы көмек болып табылады деп белгіленсін;

3) әлеуметтік көмекті төлеу облыстық бюджеттен қалалар мен аудандардың бюджеттеріне бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттер шегінде жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

2. Мыналардың күші жойылсын деп танылсын:

1) Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2007 жылғы 19 шілдедегі № 34/383-III "Оңтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесі туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1963-нөмірмен тіркелген, 2007 жылғы 24 тамызда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған);

2) Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 29 маусымдағы № 41/410-IV "Оңтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесі туралы" Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2007 жылғы 19 шілдедегі № 34/383-III шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2052-нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 29 маусымда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған).

3. Осы шешім Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы
Облыстық мәслихат хатшысы*

*Қ. Әбдіхалық
Қ. Балабиев*